

Мұғалжар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2009 жылға көтерме жәрдемақы беру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009 жылғы 25 маусымдағы N 122 шешімі. Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 28 шілдеде N 3-9-103 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 180 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2010.03.31 N 180 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешеннің және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7 бабы 3 тармағына, 2009 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметінің N 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшері және ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. Мұғалжар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
кезекті он алтыншы
сессиясының төраймы
М.Ж.Тыныштықұлова

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
С.С.Салықбаев